



## «Күлтегін», «Білге қаған» және «Тоныкөк» жырларындағы ортақ мотивтер: көне түркілік дүниетаным бейнесі<sup>1</sup>

Г. Гүлсевин<sup>а</sup>, \*С. Құлбарақ<sup>б</sup>,

<sup>а</sup>Түркия мемлекеттік Түрік тілі институты, Анкара, Түркия (E-mail: [gurer.gulsevin@ege.edu.tr](mailto:gurer.gulsevin@ege.edu.tr))

\*«Дулатитану» ғылыми-зерттеу орталығы, Тараз, Қазақстан Республикасы (E-mail: [samen-56@mail.ru](mailto:samen-56@mail.ru)) \*Байланыс үшін автор:[samen-56@mail.ru](mailto:samen-56@mail.ru)

### ARTICLE INFO

*Кілт сөздер:*  
көне түркілік таным, тұлғалық образдар, тарихи шындық, сюжет, монолог, диалог.

XFTAP 16.01.07

DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2022-3-58-70>

### АННОТАЦИЯ

Тасқа қашалған «Күлтегін», «Білге қаған», «Тоныкөк» туындыларында (VIII-IX ғғ.) көк түріктердің дүние туралы түсінігі, наным-сенімі мен әдет-ғұрыптары, басынан кешкен қилы кезеңдері мен мықты мемлекет құрудағы жеке тұлғалардың орны сипатталады. Тарихи-шежірелік жырлардағы көне түркілік дүниетанымды анықтауда «Тәңірі» концептісінің орны ерекше. Жарылқаушы Көк Тәңірі олардың бойына ұлы Түрік мемлекетін құруда айрықша қуат, күш-жігер, жауынгерлік рух берген. Мемлекетаралық дипломатия, мемлекет іргесін нығайтудағы жеңісті жорықтар, дара тұлғалардың мемлекет іргесін нығайтудағы ерекше қызметтері мен олардың өмірден өтуі, бүкілхалықтық деңгейде аза тұтуы, наным-сенімдері мен әдет-ғұрыптары, тіршілік ортасы, табиғатқа қатысы суреттелген. Мақалада сюжеттік байланыстар негізінде «Тәңірі», «Мемлекет», «Қаған», «Батыр», «Ел бірлігі», «Аруақ», тағы басқа микроконцептілер талданады. Уақыттың күрделі сипаты, ел бірлігін сақтаудағы ақылдың қуаты, жау мемлекетке қарсы күрес идеологиясы, тағы басқа белгілер сараланып, ежелгі түркілік «Әлем» концептісінің өзіндік ерекшеліктері қарастырылған. «Білге қаған» жыры мен «Күлтегін» жырында ұқсастық пен ортақ авторлық қолтаңба, пайымдау байқалады. Баяндалатын жорықтар сарынында жақындықтың болуы – жыр қаһармандарының қатар өмір кешуімен, жорықтарға бірлесе аттануымен байланысты. «Білге қаған» жырынан байқалатын басты сипаттың бірі – ата-баба, ағайын-туыс – ұрпақ арасындағы байланыстың аса құрметтелуі. Ежелгі түрік дәстүр-салтында аруақты сыйлау, құрметтеу орныққаны жырда нақтылана түседі. «Тоныкөк» жырында Түрік қағанатының мемлекет болып қалыптасуындағы тарихи кезеңдері баяндалады. Жырда Тоныкөк ұзақ жасаған, ақылман, тек кеңесші ғана емес, қағанға түрік елінің ел болып қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқан, қаһарман болып суреттеледі.

Received 22 August 2022. Revised 24 August 2022. Accepted 12 September 2022. Available online 30 September 2022.

### For citation:

Gulsevin G., Kulbarak S. Common motifs in the «Kultegin», «Bilge Kagan» and «Tonykok» poems: the image of the ancient Turkic worldview // Turkic Studies Journal. – 2022. – Vol. 4. – №3. – P. 58-70. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2022-3-58-70>

### Дәйексөз үшін:

Гүлсевин Г., Құлбарақ С. «Күлтегін», «Білге қаған» және «Тоныкөк» жырларындағы ортақ мотивтер: көне түркілік дүниетаным бейнесі // Turkic Studies Journal. – 2022. – Т. 4. – №3. – 58-70 б. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2022-3-58-70>



<sup>1</sup> Бұл мақала ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Көне түркілер дүниетанымындағы концептілер жүйесі» деген ғылыми жоба аясында жазылды.

## Кіріспе

Алғаш XVIII ғасырдың басында Орхон-Енисей өзенінің аңғарларынан табылып, еуропалықтардың назарына іліккен құпия жазуы бар құлпытастар (ескерткіштер) XIX ғасырдың соңынан бері тарихи, әдеби, мәтіндік, тілдік және өзге ғылым салалары тұрғысынан күні бүгінге дейін зерттелініп келеді. Бұл жазба ескерткіштердің Түрік қағанаттары тарихын зерттеуде, ежелгі түріктердің дүниетанымы мен тіршілігін, салт-дәстүрін, наным-сенімін, өзге халықтармен қарым-қатысын анықтауда маңызы ерекше екені шығыстанушы ғалымдардың іргелі зерттеулерінде қарастырылған. Мақалада «Күлтегін», «Білге қаған», «Тоныкөк» жазба ескерткіштеріндегі ортақ мотивтер тілдік-танымдық концепт негізінде талданады. Жазба ескерткіштер сол уақыттағы ежелгі түріктердің ойлау жүйесінен, дүниені тануы мен әлем, кеңістік, уақыт шындығынан құнды мәліметтер береді. Тарихи жырлар – уақыттың көркем бейнесі, тарихи тұлғалардың ой-аңсарлары – сол кезеңнің өткір мәселелері. Ел болудың, мықты мемлекет құрудың қағидалары басты тұлғалардың ой-толғаныстарымен берілген. Сондықтан зерттеуде мәтіндік талдауға баса көңіл бөлініп, ғылыми қорытындылар жасалады.

## Материалдар мен әдістер

Ғылымға «Орхон-Енисей жазба ескерткіштері» деген атпен белгілі көне түркі жәдігерлерінің зерттелу тарихы тым тереңде жатыр. XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезінде көне түркі әдеби тілінің оғыз-қыпшақ, көне өзбек, қыпшақ-оғыз, көне түрікмен т.б. нұсқаларында жазылған жазбалар табылып, оларды тарихи-әдеби-тілдік тұрғыдан зерттелу қолға алынды. Бұл жұмысқа Г. Клапрот, Хаммерь-Пуршал, Г. Вамбери, Ж. Амадес, А. Беверидж, В. Томсен тәрізді Еуропа зерттеушілері үлкен үлес қосты. Орыстың шығыстанушы ғалымдары В.В. Бартольд, В.В. Радлов, С.Е. Малов, Е.Э. Бертельс, А.Н. Кононов, Н.А. Баскаков, И.В. Стеблева бағалы зерттеулерін арнады. Кейбірі Еуропа және орыс тілдеріне аударылды. Өзбек, әзербайжан, қырғыз, түрікмен, ұйғыр, татар, түрік ғалымдары ортақ мұраны зерттеуге атсалысты. Өкінішке қарай, Н. Атсыз, Н. Банарлы, Ф. Көпрүлузаде, Б. Аталай, Б. Рифат тәрізді түрік ғалымдарының зерттеулері соңғы кезге дейін қазақстандық зерттеушілерге беймәлім болып келді. Көне мұралардың қазақ әдебиеті тарихымен қатыстылығын зерттеуде М. Әуезов, М. Марғұлан, Б. Кенжебаев, Х. Сүйіншәлиев, Ә. Қоңыратбаев, Р. Бердібаев, М. Жармұхамедұлы, М. Жолдасбеков тәрізді отандық аға буын ғалымдар, кейін олардың ісін жалғастырған С. Қасқабасов, Ш. Ыбыраев, Ә. Дербісәлі, А. Егеубай, А. Қыраубаева т.б. еңбек сіңірді. Тілші ғалымдар С. Аманжолов, Ғ. Айдаров, Р. Сыздықова, Қ. Өмірәлиев, М. Томанов, Ә. Құрышжанов, Б. Сағындықов, А. Аманжолов еңбектерінде көне жәдігерлердің тілдік құрамдары тарихи, салыстырмалы грамматика, фонетика тұрғысынан қарастырылды. Мақаланы жазуда түркітанушы ғалымдардың басты ғылыми тұжырымдары басшылыққа алынды. Дегенмен, әрбір ғылыми жұмыстың өзіндік зерттеу тақырыбы, соған орай мақсаты мен міндеті, мәтінді қарастыру, талдау бағыты болады. Зерттеу жұмысында ежелгі көшпенді түркі жұртының дүниетанымындағы «Әлем» концептісі көне түркі көркем мәтіндері – «Күлтегін», «Білге қаған», «Тоныкөк» жазба ескерткіштері негізінде зерделенді. «Концепт» (лат. *conceptus* «понятие») атауының мәні философияда, филология мен лингвистикада, көркемдік әдіс пен өнер туындысында, оның бағыттарында, әлеуметтік

танымда, жалпы түрлі ғылым салаларында әр түрлі түсіндіріледі. Қазіргі тіл білімінде тілді адамзат мәдениетін түсіндірудің басты бір құралы есебінде зерттеу үрдісі қалыптасқан. Өйткені тіл - адамның ойлау жүйесінің, психикалық табиғатының кілті. Сөйтіп ол ұлтты тануға, оның басынан ерте заманда өткен жайларды анықтауға мүмкіндік береді. Ғалым Н.Ғ. Шаймердинова «Репрезентация в языке древнетюркской картины мира» атты еңбегінде (Шаймердинова, 2009) когнитивтік лингвистика аясында көне түркі Орхон жазба ескерткіштерінің тілін зерттеп, тұрақты қайталанатын сөздерді жүйелеп, ежелгі түркілердің әлемді қабылдауы мен психикалық дүниесін, маңызды құндылықтарын анықтауға болатынын көрсетті. Көркем мәтін бұған дейін көбіне дәстүрлі-құрылымдық талдау аясында зерттелсе, соңғы уақытта адамның когнитивтік белсенділігін тіл арқылы қарастыру артып келеді. Екінші сөзбен тарата айтсақ, көркем мәтінді адам танымымен, ішкі қабылдау және ойлау жүйесімен бірлікте зерттеу когнитивтік әдебиеттанудың өзекті объектісіне айналды. Бұл ыңғайда әдебиеттану ғылымында жүйелі жұмыстар атқарылып келеді. А.С. Аскольдовтің «Концепт и слово» (Аскольдов, 1997), Л.В. Миллердің «Художественный концепт как смысловая и эстетическая категория» (Миллер, 2000), В.Г. Зусманның «Диалог и концепт в литературе. Литература и музыка»; «Концепт в системе гуманитарного знания» (Михайлова, 2001; Зусман, 2003), И.А. Тарасованың «Художественный концепт: диалог лингвистики и литературоведения» (Тарасова, 2010), «Антология художественных концептов русской литературы XX века» (Васильева, Карпичева, Цуркан, 2013) ұжымдық жинағы, т.б. еңбектерде көркем мәтін қабаттарынан концептіні зерттеудің маңызы туралы ғылыми тұжырымдары басшылыққа алынды.

### Талдау

«Күлтегін» (VIII ғ.) – тарихи, батырлық жыр. «Бұл жазуды жазған – Иоллығ-тегін» (Ахметұлы және т.б., 2007: 176) деп авторлығы айқын білінетін тастағы жазу-жыр - Түрік қағанатының құрылуын, салтанат құруын, түрлі тарихи кезеңдерді басынан кешуін, ел басқарған белгілі тарихи тұлғаларын, батырларын сипаттайтын ғажайып мұра.

Жырдағы эпикалық кең құлаш, тарихилық, уақыт тынысын дәл сипаттау, ежелгі түркілік дүниетаным, бүгінгі уақытпен үндескен философиялық толғамды ойлар, композициялық жинақылық, ақ өлең үлгісіндегі ырғақ пен ішкі ұйқас, поэтикалық таным қуаты – түркі халқының шығармашылық мәдениетінің, дүниені тануының биіктігін танытады.

Туындыдан жауынгер түркі халқының байырғы наным-сенімі, дүниенің жаратылысы, кеңістік пен қоршаған ортаға қатысы туралы түсінігі көрініс береді.

«Тәңірі» *концептісі*. Тәңірі – «Күлтегін» жазуындағы басты мотив, ой қазығы. Жыр қуатты «Тәңірі» сөзімен басталады. «Тәңірі» сөзі жырда 15 рет қолданылған.

1. «Жоғарыда көк Тәңірі...» (Ахметұлы және т.б., 2007: 170). Түркілердің түсінігінде Тәңірінің мекені жоғарыда, ғарыш кеңістігінде. Адамзатқа ғарыш кеңістігінің сыры күні кешеге дейін беймәлім, тұңғыық-жұмбақ болғандықтан, оны қиял қуатымен тануға тырысқан. Бұл өз кезегінде түрлі мифологиялық ұғымдарды тудырғаны көне жырлардан белгілі.

2. «Жоғарыда Түрік Тәңірісі...» (Ахметұлы және т.б., 2007: 170) Тәңіріні түрік халқының өз жарылқаушысына теліп айту мәтінде кеңінен қолданылған. Бұл түсінік өзге контекстерде түрленіп, үстемеленіп қайталады. Тәңірінің қолдауымен

жеңісті жорықтар болады, Тәңірінің жарылқауымен... қаған болды, ел биледі, халқын жақсылыққа жеткізді... Сөйтіп «Күлтегін» жырының өн бойында Тәңірдің қолдауымен, жарылқауымен деген наным-түсінік алғы кезекке шығады.

3. Түркі халқы Тәңірінің қарғысына ұшырауды – қатерлі де қайғылы, ісің оңға баспайды деп ұғынған. «Түрік, оғыз бектері, халқы, естіңдер! Жоғарыда Тәңірі баспаса, төменде жер айырылмаса, түрік халқы, еліңді, төрінді кім құртады?..» (Ахметұлы және т.б., 2007:171-172), «Тәңірінің, Жердің киесіне ұшырап жау болды...» (Ахметұлы және т.б., 2007:174). Елдің бүлінуі, істің кері кетуі, дос болған елдің жауға айналуы Тәңірінің теріс қарауынан деп қабылдаған.

4. Түркі халқы өмір өлшемі, уақыт Тәңірінің қолында түсінген. «Уақытты Тәңірі жасар, адам баласының бәрі өлмекке туған...» (Ахметұлы және т.б., 2007:174). Өлшеулі ғұмырда аз-көп жасау Тәңірінің билігінде деп есептеген. Бұл түсінік олардың жауынгерлік рухын көтерген.

5. Күлтегіннің дүниеден өтуіне бағытталған: «Ұша бардыңыз. Тәңірде тірлік, иелік кеше беріңіз...» (Ахметұлы және т.б., 2007:176) деп келетін жыр жолында батыр қайтыс болды, жоқ болды, өшті деген ұғым байқалмайды. Түркі халқының түсінігінде рух, жан өлмейді. Сондықтан да халқының салтанат құруына қажырлы қайрат сіңірген Күлтегіннің жаны Тәңірдің иелігінде, шылауында деп біледі. «Ұша барды» деген сөздің синонимі «көкке самғады» деп қабылданады. Тіл, сөз – тарихтың, көне дүниетанымның хабаршысы. Сондықтан да «Тәңірде тірлік, иелік кеше беріңіз...» деген сөздің контекстік мағынасына тереңірек үңілу қажет тәрізді. Мұнда тән өлгенмен, жанның, рухтың өлмейтіні жөніндегі ежелгі түріктердің наным-айқын берілген. Рухтың жасауына сенген түркі жұрты Күлтегін батырдың басына тасқа қашап, жазба ескерткіш қалдырған. Оның рухы кейінгі ұрпағын желеп-жебеп жүреді деп түсінген.

Бұл ретте түркітанушы-ғалым Қ. Сартқожаұлының: «Бұл дүние тіршілік-тірлік. Ол дүниеге адамның жаны ұшып кетеді. Жан жоғалмайды. М: Kúltegin qoj jylqa [toquzynčy aj] jiti jigirmike učdy (Күлтегін қой жылы тоғызыншы айдың он жетісі күні ұшты) (КТ. II.14) Бұл сөйлемде Күлтегіннің жаны ұшып кеткенін сөз етіп отыр. Ал, мүрде жерде қалады. Ұшқан жан жоғалмайды. Ол дүниеде не жақсылық, не қиыншылық көреді» (Сартқожаұлы, 2021: 5), - деген тұжырымына қосыламыз.

«Күлтегін» мен «Білге қаған» жырларында ұқсастық пен ортақ авторлық қолтаңба, пайымдау байқалады. Жорықтар сарынында жақындықтың болуы – жыр қаһармандарының қатар өмір кешуімен, жорықтарға бірлесе аттанып, ұрыстың ең бір қиын сәттерін бастарынан бірге өткізуімен байланысты. Сондықтан да бұл жазба ескерткіштер тарихи және әдеби тұрғыдан бірін-бірі толықтырып, тереңдетіп жатқан аса құнды жәдігерлер болып табылады.

Белгілі түркітанушы ғалым Л. Гумилев «Күлтегін» ескерткішіндегі баяндалатын оқиғаларды саралай келіп, таста 732 жылмен мәңгі есте қалдырылған мәтін 716 және 720 жылдар аралығында, одан да дәлірегі 717-718 жылдары құрастырылған болуы керек деген қорытындыға келеді. Ал тарихи деректердің толықтырылуы және ортақ стильдік қолтаңба туралы екі жырдың да авторы Иоллығ-тегіннің болуымен байланыстырады. Тәжірибелі, тарихтың білгірі Иоллығ-тегін ақын шығармасын нақты материалдарымен толықтыру мүмкіндігін орынды пайдаланған (Гумилев, 1994: 330-331).

«Білге қаған» жыры да «Күлтегін» жыры тәрізді Тәңірі сөзімен басталады. Өз өмірлерінің мән-маңызы мен ұлы мемлекет құруы, жеңісті жорықтардың болуы, ата, әке, ағаларының қаған болып, ел басқаруы, олардың елі, халқы үшін игілікті істер

атқаруы – бәрі Тәңірінің қолдауымен деп беріледі. Сондықтан жырда Білге қағанның ел болудағы ерекше еңбегі мен қажыр-қайратын бейнелеуде «Тәңірі текті, Тәңірі жаратқан» деп келетін эпитет қолданылған.

«Білге қаған» жырында Тәңірімен бірге Жер-су түсінігі берілген. Көк түріктер Жер-суды кие тұтып, өзінің жарылқаушысы, қолдаушысы көрген. Жырдағы «Түрік Тәңірісі, киелі Жер-су былай депті...» (Ахметұлы және т.б., 2007:179), «Жоғарыда Тәңірі баспаса, төменде жер тілінбесе...» (Ахметұлы және т.б., 2007:180), «Жоғарыда Тәңірі, киелі Жер-су Ағам қағанның құтын қолдамады...» (Ахметұлы және т.б., 2007: 182), – деп келетін тіркестер осыны аңғартады. Жер-су, айнала табиғатты кие тұту, киесі бар деп ұғыну түрік дүниетанымындағы маңызды ерекшелік, биік мәдениеттілік белгісі болды. Бұл түсінік олардың жан дүниесіндегі Жер-ананы, күллі табиғатты, жаратылысты құрметтеу, оны қорғау, аялау сезімін қалыптастырды. Табиғат-Анаға тек тұтынушы ретінде қарау қаншалықты зиянды екенін қазіргі уақыт көрсетіп отыр. Әлем, дүние танудағы бұл сипат түрік халқының табиғатпен етене жақын, туыстығын білдіреді. Сондықтан да «табиғат – тал-бесік» ұғымы күні кешеге дейінгі ата-бабамыздың сана-сезімінде берік сақталып келді.

«Әлем» концептісі тұрғысынан ой түйгенде, көне түріктер әлемнің, дүниенің жаратылысын тереңге тартпай-ақ өздерінен бастайды. «Жоғарыда көк Тәңірі, төменде жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған» дей келіп, адам баласының үстіне ата-бабам Бұмын-қаған, Істемі қаған таққа отырған деп өздеріне бұрып қысқа қайырады.

Ежелгі түркілік нанымның кейінгі ислам қағидаларынан айырмасы да осыдан көрінеді. Бұл жөнінде: «Түркілердің діни нанымында адамның жаны мәңгі жасайды, олар аруақ бейнесінде тірілердің әрекетіне араласып отырады, заманақырда адам кейпінде қайта оралады. Түркіліктің ислам қағидаларынан айырмасы – мұсылман діні тыйым салатын, өлген адамның рухына бас ию. Осыдан түркілерде ерлік жасап, қаза болған адамдар рухына балбалдар орнату салты қалыптасқан» (Ыбраев, 2014: 140), - дейді дінтанушылар.

«Туыс», «аруақ» концептілері. «Білге қаған» жырынан байқалатын басты сипаттың бірі – ата-баба, ағайын-туыс – ұрпақ арасындағы байланыстың аса құрметтелуі. «Ата-бабам Бұмын қаған, Істемі қаған», «Әкем Елтеріс қағанды, анам Елбілге қатынды...», «Әкем түрік Білге қаған», «Ағам-қаған», «Інім Күлтегінмен, інім Күүлі-чормен...» деп келетін сөз орамдары бір жағы аруақты сыйлауды білдірсе, екіншіден туыстық қатысты, байланысты аса құрметтеу белгісі болып саналады. Ата-баба жолы, әке жолы, аға жолы, іні жолы, анаға құрмет – көк түріктердің этникалық салт-дәстүрінде берік орын алған. Қоғамда әрқайсысының өз орны, қызметі сақталған. Күлтегіннің ағасы Білгені құрметтеп қаған етуі түрік халқының арасындағы жол-жоралғы мен туыстық байланыстың тамыры тереңде екенін білдіреді. Қазақ халқының қанына сіңген бауырмашылдықтың, ағайын-туысқа қатысты жөн-жоралғы мен дәстүр-салттың төркінін, бәлкім, осыдан іздеу дұрыс болар.

Ежелгі түрік дәстүр-салтында аруақты сыйлау, құрметтеу орныққанын «Білге қаған» жыры да нақтылай түседі. Бітік тас жазуының авторы мұнда да Иоллығ-тегін екені анық аталады. «Білге қаған бітігін (жазуын) Иоллығ-тегін мен жаздым. Осыншама барықты, мүсіндерді түрік Білге қағанның аталығы (ұстазы) Иоллығ-тегін мен бір ай төрт күн отырып жаздым» (Ахметұлы және т.б., 2007: 183) дейді. Жырдағы аруақты құрметтеудің басты белгісі – тарихтау. Ата-баба тарихын жаза отырып, Білге қаған заманында халқы,

мемлекет үшін не істеді, қандай қызмет жасады деген сауалға автор жауап береді. Тасқа қашап жыр жазумен аруақты ардақтаумен қатар, тарих үшін қаншалықты маңызды жұмыс атқарылғанын қазіргі уақыт айғақтап отыр.

Елге айрықша еңбек сіңірген тұлғаның өмірден озуы түрік халқы үшін орны толмас қайғыға айналған. Оны ел болып аза тұтқан. Көршілес елдерден көптеген адамдар әр алуан байлық-салтанатымен келіп, көңіл білдірген. Өлікті қадір тұтып, бірлесе жоқтасқан. Қайғыланған халық құлағын, шашын кескен. Білге қағанның қайтыс болуынан жырда осы сипат атап өтіледі: «Бұнша иелік етіп Әкем-қаған ит жылы оныншы айдың жиырма алтысында ұша барды. Доңыз жылы бесінші айдың жиырма жетісінде *киелі орнын* жасаттым. Бұқұқ-тұтұқ [.....] ханы Лисун Тай-сеңүн бастаған бес жүз адам келді. Сәнді қыш ыдыстар, алтын, күміс есепсіз әкелді. *Киелі орынға* жұпар [ағаш] (бәйтерек) тігіп (отырғызып) берді. Шынар ағашын өздері отырғызды. Осыншама халық құлағын, шашын кесті. Жақсы өздік атын (бәсіресін), қара бұлғын, көк тиынын /құндыз/ есепсіз шашып таратты» (Ахметұлы және т.б., 2007: 183), – деп баяндалады жырда. «Орда бұйрығы (қолбасшысы) Себіг Күл-еркін бастаған ылғи қолбасшылар – осыншама бүгінгі бектер Әкем-қағанға ер теңі (үзеңгілес; арқа сүйер, сүйеніш) болды. Ер теңін [ол] мақтан етті. Бүгінгі түрік бектерін, халқын мақтан етіп, марапаттады, сый-сияпат ұсынды. Сонысы үшін Әкем қағанның *мүсін тасың, киелі орнын* түрік бектері, халықтары дайындап әкелді» (Ахметұлы және т.б., 2007: 183), – деп айтылады. Халыққа, мемлекетке ерекше еңбегі сіңген тұлғаны азалау сөйтіп бүкілхалықтық шараға айналған. Бүгінгі біздің ұғымыздағы қабірді Көк түріктер «киелі орын» деп атағаны мәтіннен аңғарылады. Жорықтарда бірге болған үзеңгілес болған адамдардың жерлеу рәсіміне қатысуы ерекше құрмет саналған. Жырда оларды – *ер теңі* деп атаған. Бейіттің басына шынар ағашын, жұпар ағашын егу – өлікті құрметтеу жырда көрініс берген. Жақсы бәсіре аты, түрлі қымбат бұйымдар көпшілікке таратылған. Өлікті жерлеу рәсімінің кейбір белгілері халық арасында күні бүгінге дейін сақталып келе жатқаны байқалады. Сондықтан да Көк түріктердің түрлі дәстүр-салттарының көрінісі ізім-ғайым жоғалып кеткен жоқ, әр алуан өзгерістермен бүгінге жетіп отыр.

Жырдағы басты образ – Білге қаған. Көркем шығармада дүние, кеңістік бейнесі, сол уақыттағы халықтың ой-танымы мен адам психологиясы, қам-қарекеті негізгі кейіпкердің қабылдауымен және сонымен қатар автордың қатысы, көзқарасы арқылы көрініс береді. Осы ыңғайда жырдан VI-VIII ғасырдағы жауынгер түрік халқының дүниетанымы, тіршілік-тынысы автор көзқарасы және образ толғамы арқылы бейнеленген. Білге қағанның өмір дерегі мәтінде нақты айтылады. «Әкем-қаған өлгенде, өзім сегіз жаста қалдым. Ол төрдің үстіне Ағам-қаған отырды» (Ахметұлы және т.б., 2007: 179) дейді. Келесі кезекте «Тәңірі жарылқағаны үшін он төрт жасымда тардуш халқының үстіне шад болып отырдым. Ағам-қағанмен бірге Жасыл өзенге, Шаңдуң жазығына дейін жорық жасадық» (Ахметұлы және т.б., 2007: 179) деп өмір дерегін толықтырады. Мұнда Білге қағанның қаған болғанға дейін-ақ көзге түскені, қаған-ағасымен бірге талай жорықтарға аттанғаны баяндалады. «Күлтегін» жырында батырдың шайқасы, астындағы атының сұрапыл қимылы кеңінен суреттелетін болса, «Білге қаған» жырында «Күлтегінде» қамтылмай қалған жорықтар баяндалады. Жырда басты назар Білге қағанның кескілескен жеңісті жорықтары санамаланып, тарихтап беріледі. «Он жеті жасымда...», «Он сегіз жасымда...», «Жиырма жасымда...», «Жиырма екі жасымда...», «Жиырма алты жасымда...», «Жиырма жеті жасымда...», «Отыз

жасымда...», «Отыз бір жасымда...», «Отыз екі жасымда...», «Отыз үш жасымда...», «Отыз төрт жасымда...», «Отыз сегіз жасымда...», «Елу жасымда...» деп басталып, кімдерге жорық жасады, онда өздерінің жағдайы қандай еді, жорық нәтижесінде қандай жетістіктерге жетіп, халыққа қандай жағдай жасалды деген мәселелер баян етіледі. Бұл жыр жолдарынан Білге қағанның ел тізгінін ұстағандағы жүргізген батыл саясаты, батырлық тұлғасы танылады. Сөйтіп, өмірінің қорытындысын: «Мен он тоғыз жыл шад болып отырдым. Он тоғыз жыл қаған тағында отырдым. Ел тұттым» (Ахметұлы және т.б., 2007: 183), – деп түйеді.

«Күлтегін» және «Білге қаған» жырларынан автор образы – Иоллығ-тегін бейнесі танылады. Ел болашағын көксеген мықты парасат, дарын иесі болып көрінеді. Біріншіден, ол ата-баба тарихын, арман-мұратын, елдік жолын терең ұғынған кең танымды тарихшы. Екіншіден, шығармашылық дәстүрді жақсы игерген дарынды ақын. Оның жырларында батыр тұлғасы мен мемлекет басшысының образы үлкен сүйіспеншілік, мақтанш сезіммен жырланған. Екі жырдың да құрылымы тұтас, тығыз оқиғалық желіге құрылған. Әр оқиғаның басталуы, баяндалуы, түйінделуі және сюжеттік желілердің өзара байланысы толық қамтылған. Бұл жөнінде ғалым Қ. Өмірәлиев құнды пікір білдіреді (Өмірәлиев, 2014: 49).

Түйіндей айтқанда, «Күлтегін» және «Білге қаған» жырында Тәңір концептісі – көне түрік дүниетанымының басты сапалық белгісі болып көрінеді. «Тәңірі» ұғымы қазіргі уақытта да ұмыт болған жоқ. Тәңірі қазірде «Алла» ұғымымен астасып, мағынасын байытқан. «Тәңірі жарылқасын!», «Алла жарылқасын!», «Тәңірі қолдасын!», «Алла қолдасын!» ұғымы бүгінде қатар қолданыла береді. Соның бір көрінісі талантты, кейінгі буын ақыны Ерлан Жүніс өлеңінде былай өрнектелген:

Жазам дедім, қалам берді Тәңірім,  
Ашам дедім, ғалам берді Тәңірім,  
Қара өлеңді маған берді Тәңірім,  
Бар әлемді саған берді Тәңірім! (Намазшамова, 2022: 18)

«Білге Тоныкөк мен өзім Табғаш елінде тәрбиелендім» (Ахметұлы және т.б., 2007: 188) деп басталатын «Тоныкөк» жыры да Түрік қағанатының мемлекет болып қалыптасуындағы тарихи кезеңдерді баяндайды. Жырда Тоныкөк ұзақ жасаған, ақылман, тек кеңесші ғана емес, қағанға түрік елінің ел болып қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқан, өзі де әскер бастап жорыққа шыққан қаһарман болып суреттеледі. Жырда автобиографиялық, тарихи-шежірелік сипат бар. Тоныкөктің жас шағында түрік жұрты табғаштарға бағынышты болған. «Түркі халқы қаны болмай Табғаштан бөлінді, қанданды. Қанын қойып және бағынды. Тәңірі сонша дегендей бәлкі Қан бердім. Қағаныңды қойып бағындың, Тәңірі /сені/ өлімші етті. Түркі халқы қырылды, алқынды, жоқ болды. Түркі есір /тұтқын/ халқы жерінде ештеңе қалмады» (Ахметұлы және т.б., 2007: 188), – деп жастық кезеңіндегі түркі жұртының қиын уақытын елестетеді.

Тарихи жырда түркі халқының сол кездегі қоныстанған жері, халықтың жайы, немен күнелткені нақты сипатталады. «Шұғай құзын Қара құмды мекендеуші едік. Киік жеп, қоян жеп отыратын едік. Халық тамағы тоқ еді, Жауымыз айнала жыртқыш /құстай/ еді» (Ахметұлы және т.б., 2007: 118), – деген баяннан аңшылықтың негізгі кәсіптің бірі болғаны білінеді. Сондай күндердің бірінде оғыздан елші келеді. Хабарда жағдайдың қиындығы баяндалады. Табғаш – түстіктен, қытан – шығыстан, оғыз – терістіктен түркі халқына шабуыл жасап, жойып жіберу жоспарлап жатыр екен. Ел басына күн туған сын сәтте Тоныкөк образы жырда жан-жақты көрініс берген.

12. Ол сөзді есітіп  
 Түн ұйқым келмеді,  
 Күндіз отырғым келмеді.  
 Содан соң қағаным өтіндім.  
 Сонша өтіндім табғаш, оғыз, қытан.  
 Бұл үшеуі біріге қалса біз  
 Өз іші-сыртымызды ұстап қана қаламыз.  
 13. Жұқаны топтау – оңай,  
 Жұқа қалыңдаса топтайтын алып болар.  
 14. Жіңішке жуандаса үзетін алып болар.  
 Шығыстағы қытанға, түстіктегі табғашқа  
 Батыстағы құрданға, терістіктегі оғызға  
 Екі-үш мың қолмен келе аламыз ба?  
 Сонша өтіндім  
 15. Қағаным мен өзім бірге  
 Тоныкөк өтінген өтінішімді есіте көңілдегіше жүргіз, – деді

(Ахметұлы және т.б., 2007: 189).

Жыр жолдарынан алысты болжаған, батыл шешімді ақыл иесі танылады. Жаудың бірігуі түрік жұртының болашағына зор қауіпті екенін қағанға дәлелдей айтады. Оның қызыл тілге дес бермеген шешендігі астарлап, бейнелеп сөйлеуінен байқалады. Ол ақыл-ойы кең данагөй ғана емес, соғыс тактикасын, сол кезеңдегі мемлекетаралық байланысты жақсы түсінген.

Тарихи шындық пен жырдағы көркем шындықтың арасындағы байланыс Л.Н. Гумилев зерттеуінде терең баяндалған (Гумилев, 1994: 279-280).

«Тоныкөк» жырының «Күлтегін», «Білге қаған» жырларынан өзгешелігі – диалогтық сипаты. Тоныкөктің Ілтеріс қағанға ойы көбіне диалогпен беріледі. Жырдағы диалог образдың тереңірек бейнеленуіне жол ашқан. Түргеш қағанының сөзі, хабаршылар сөзі, бектер сөзі мен жауап қатқан Тоныкөктің монологқа ұласқан толғауы – шығарманың айшықты тұсы. Сонымен бұл диалог, монологте уақыт, кезең шындығы, адамдар психологиясы, ұрыс қимылдары көрініс береді. Тоныкөк сөзінен қайсарлығы, алға қойған мақсатты қалайда орындау жөніндегі батыл ойы көрінеді. Ол тек жалаң бұйрықтың адамы емес, қарауындағы жауынгерлерді жігерлендіруші. «Неге қашамыз көп /екен/ деп, неге қорқамыз азбыз деп» деп намысты қайрайды. Ол ұзақ жыл өмірінде Түрік қағанатының салтанат құруына өлшеусіз еңбек сіңірген тұлға болып бейнеленген.

«Қаған», «батыр» концептісі де – тасқа қашалған үш жырдың басты ұстыны. «Қаған» ұғымы – ел билеушісі. Қаған есімінің жырларда құрметпен аталуы елге сіңірген өлшеусіз еңбегімен бағаланады. Бұмын қаған, Істемі қаған есімдері тарихи жазбаларда аса құрметпен аталған. Білге қағанның ерекше даңққа ие болуы, ең алдымен, айбынды мемлекет құрған қажырлы күресімен байланысты. Жырда оның көптеген жеңісті жорықтары суреттеледі. Білге қаған өзі әкесі Елтеріс қағанның, анасы Елбілге қатынның, кейін Ағасы-қағанның Тәңірі жарылқап, күш бергені үшін ісін жалғастырушымын деп түсінген. Ел бірлігі жолындағы тартыс ымырасыз, қатал жүргізілген.

Жырлардағы «батыр» концептісі кең көрінісі Күлтегін есімімен байланысты бейнеленген. Ол, ең алдымен, айбынды әскер қолбасшысы бейнесінде көрінген. «Күлтегін» жырында оның Түрік қағанатын нығайту жолындағы жанкешті күресі суреттелген. Ол – дарынды, өжет қолбасшы ғана емес, ерен қайрат иесі, ұрыс, жекпе-



жек тәсілін шебер меңгерген қаһарлы тұлға. Жырда оның батырлармен жекпе-жегіне айрықша мән берілген. «Ер қанаты – ат» концептісі батыр бейнесімен бірлікте көрінген. Ежелгі түрік жұрты жылқы жануарын ерекше бағалаған. Жақсы баптап, күте білген. Сондықтан да жырда аттың бейнесі батыр тұлғасымен қатар айтылады. Батыр қаншалықты қайрат, төзімділік, әбжілдік танытса, аттың да мықтылығы мен қайраты шайқас үстінде көрінген.

«Мемлекет» концептісі жырларда ежелгі түркілік тайпалық одақтардың бірігіп, белгілі жүйелік құрылымға бағынуымен, жер-аймақтың тұтастығы мен азаттығы үшін күресуімен айқындалады. Мемлекеттік идея үш жырда да басты ұстынға айналған. «Күлтегін» жырында ел қорғаған батыр образы, «Білге қаған» жырында ел билеген даңқты қаған жырланса, «Тоныкөк» жырында елдің бас идеологы, ұрыс тәсілін жақсы меңгерген стратег қолбасшы бейнесі тұлғаланады. Бұлардың қай-қайсысы да - мемлекет мүддесін бірінші кезекке қойған мемлекетшіл тұлғалар.

Мәңгілік тас жазуларында бұлармен қатар автор Иоллығ-тегін бейнесі танылады. Оның туындыларына Түрік қағанаты тарихындағы шындық оқиғалар арқау болған. Шығыстанушы А. Бернштам оны Білге қағанның баласы деп біледі. Иоллығ – «жол иесі» деген мағынаны білдірсе, «тегін» лауазымы қағанаттың билеуші топ өкілдеріне берілген (Саиров және т. б., 2007).

«Мемлекет» концептісін айқындаушы тұлғалар мен мемлекетке қауіп төндірген жаулар бейнесі де жырларда жан-жақты көрінген. «Концепт ... адам ойындағы ғалам бейнесінің өзіндік белгілерінің ассоциациялануының нәтижесі...» (<https://melimde.com/til-bilimindegi-koncept-fimi-orindafan-docent-dosova-a-t.html>) - дейді А.Т. Досова. Жырдағы образдардың басты сипаты – заманына сай адам дүниетанымы мен психологиясының, ойы мен сезім-сырларының, арман-мұраттарының көркем бейнеленуі болып табылады. Көне түрік тарихын тануда бұл жырлардың тарихи маңызы зор.

### Зерттеу нәтижелері

«Білге қаған» жыры мен «Күлтегін» жырында ұқсастық пен ортақ авторлық қолтаңба, пайымдау байқалады;

Тәңірі – көне түркілердің сенімінде жаратушы емес, жарылқаушы. Ол адам түсінігінен бөлек, тылсым жұмбақ күш. Өз сыры өзінде, оны біліп-тану мүмкін емес. Бірақ түркілердің нанымында бір нәрсе анық – ол Тәңірінің барлығы және барлық жаратылыстың тағдырын айқындайтын әміршілдік құдіретке ие болуы;

Тәңір құдіретінен қуат алу, аруақты құрметтеу мен қуатты мемлекет құру жөніндегі аңсар ойлар ежелгі түріктердің кеңістік, әлем жөніндегі дүниетанымының өзіндік сипатын танытады;

Мәңгі тас жырларында аруақты сыйлау, құрметтеу, кезіндегі оның ұланғайыр тарихи еңбегін кейінгіге үлгі тұту бар. Бұл ой-толғам жалаң айтылмай, жырдың бүкіл құрылымында қуатты мемлекет мәселесімен ұштасады;

Ел, мемлекет, халық тағдыры, Көк түріктер – жазба ескерткіштердің басты арқауы. Автор мемлекеттің іргесін бекітіп, иеліктерін кеңейткен ұлы қағандар мен батырларды асқан мақтаныш сезіммен жырлайды. Әлем кеңістігі олардың түсінігінде, ең алдымен, өз Отанынан – Ұлы Түрік қағанатынан, оның кең жайылған орман-суынан, асқақ тауы мен ұлы жазира даласынан басталады.

## Қорытынды

«Күлтегін», «Білге қаған» жырларындағы тәрізді «Тоныкөк» жырында да Түрік қағанатының әлемде өз орнын алып, мықты мемлекет болу жолындағы жеке тұлғаның қажырлы күресі суреттеледі. Сондықтан да бұл жырлардағы «Әлем» концептісі, ең алдымен, түрік халқының мықты мемлекет құру жолындағы жанкешті арпалысымен бейнеленген. Осыған орай, бірінші кезекте, «Тәңірі» концептісі дараланады. Көне түріктер бойындағы жауынгерлік рух, бірлік, ел-жер үшін күрес, мықты мемлекет құру идеясы Тәңірі ұғымынан бастау алатыны үш жырда да көрінген.

## Әдебиет

Антология художественных концептов русской литературы XX века / ред. и автор-сост. Т.И. Васильева, Н.Л. Карпичева, В.В. Цуркан. 2013. М.: Флинта. 356 с.

Аскольдов С.А., 1997. Концепт и слово // Русская словесность. От теории словесности к структуре текста. Антология / Под общей редакцией д-ра филол. наук проф. В.П. Нерознака. М.: Academia. С. 267-279.

Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. Т. 1.: Көне дәуірдегі әдеби ескерткіштер. Құраст.: Ш.Ахметұлы, А. Әлібекұлы, Н. Базылхан, С. Қорабай, Қ. Орынғали, Қ. Сартқожаұлы. 2007. Алматы: Таймас баспа үйі. 504 б.

Гумилев Л., 1994. Көне түріктер. Ауд. Ә. Жұмабаев. П. Бейсенов. Алматы: Білім. 480 б.

Зусман В.Г., 2003. Социальные и гуманитарные науки. Отечественная и зарубежная литература. М.: Институт научной информации по общественным наукам. №4. С. 61-67.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынастар // «Дінтану негіздері» пәнінің оқытушыларына арналған практикалық көмекші құрал / құраст. Ыбраев Е.Е. 2014. Астана: ҒЗТО. 140 б.

Миллер Л.В., 2000. Художественный концепт как смысловая и эстетическая категория // Мир русского слова. Научно-методический иллюстрированный журнал. №4. С. 39-45.

Михайлова В.Г., 2001. Диалог и концепт в литературе: литература и музыка. Нижний Новгород: Деком. 168 с.

Намазшамова С., 27 мамыр 2022. Геометрге кеңістіктің бар екенін дәлелдеудің қажеті жоқ. / Қазақ әдебиеті.

Өмірәлиев Қ., 2014. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: ф.ғ.д. Ғ. Әнес және Ж.Қ. Ибраева. Алматы: Абзал-Ай баспасы. 640 б.

Сартқожаұлы Қ., 2021. Байырғы түркілердің дүниетанымы. Алматы: ҚР БЖҒМ Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті.

Саяси түсіндірме сөздік. Құраст. авт. Е. Саиров ж. т.б., 2007. Алматы: Жүйелі зерттеулер институты. 616 б.

Тарасова И.А., 2010. Художественный концепт: диалог лингвистики и литературоведения // Лингвистика. Вестник Нижегородского университета им. Н.И. Лобачевского. №4(2). С. 742-745.

Тіл біліміндегі «концепт» ұғымы. URL: <https://melimde.com/til-bilimindegi-koncept-fimi-orindafan-docent-dosova-a-t.html>

Шаймердинова Н.Г., 2009. Репрезентация в языке древнетюркской картины мира. Астана: Арман-ПВ. 252 с.

## Reference

Antologiya hudozhestvennyh konceptov russkoj literatury XIX veka. red. I avtor-sost. T.I. Vasil'eva, N.L. Karpicheva, V.V. Curkan [Anthology of artistic concepts of Russian literature of the twentieth century. ed. and the author is comp. T.I. Vasilyeva, N.L. Karpicheva, V.V. Tsurkan]. 2013. Moscow: Flinta. 356 p. [in Russian].

Askoldov S.A., 1997. Koncept i slovo [Concept and word]. Russkaya slovesnost'. Ot teorii slovesnosti k strukture teksta. Antologiya. Pod obshchej redakciej d-ra filol. nauk prof. V.P. Neroznaka [Russian literature. From the theory of literature to the structure of the text. Anthology]. Moscow: Academia. P. 267-279. [in Russian].

Adebi zhadigerler. Zhiyrma tomdyq. 1-t.: Kone dauirdegi adebi eskertkishter. Qurast.: Sh.Ahmetuly, A. Alibekuly, N. Bazyghan, S. Qorabaj, Q. Oryngali, Q. Sartqozhauly [Literary relics. Twenty volumes. Vol. 1: literary monuments of antiquity. Comp. Sh.Akhmetuly, A.Alibekuly, N.Bazykhan, S.Korabay, K.Oryngali, K.Sartkozhauly]. 2007. Almaty: Tajmas baspa uji. 504 p. [in Kazakh].

Gumilev L., 1994. Kone turikter. Aud. A. Zhumabaev. P. Bejsenov [Ancient Turks. Translated by A.Zhumabayev. P.Beisenov]. Almaty: Bilim. 480 p. [in Kazakh].

Zusman V.G., 2003. Social'nye i gumanitarnye nauki. Otechestvennaya i zarubezhnaya literatura [Social and Human Sciences. Domestic and Foreign Literature]. Moscow: Institut nauchnoj informacii po obshchestvennym naukam. №4. P. 61-67. [in Russian].

Qazaqstan Respublikasyndagy memlekettik-konfessiyalyqqarym-qatynastar [State-confessional relations in the Republic of Kazakhstan]. «Dintanu negizderi» paninin oqytushylaryna arналган praktikalyq komekshi qural.qurast. Ibraev E.E. [Practical auxiliary tool for teachers of the discipline»fundamentals of Religious Studies». comp. E. Ibraev]. 2014. Astana: GZTO. 140 p. [in Kazakh].

Miller L.V., 2000. Hudozhestvennyj koncept kak smyslovaya i esteticheskaya kategoriya [Artistic concept as a semantic and aesthetic category]. Mir russkogo slova. Nauchno-metodicheskij illyustrirovannyj zhurnal [The world of the Russian word. Scientific and methodological illustrated journal]. №4. P. 39-45. [in Russian].

Mihailova V.G., 2001. Dialog i koncept v literature: literatura i muzyka [Dialogue and concept in literature: literature and music]. Nizhniy Novgorod: Dekom. 168 p. [in Russian].

Namazshamova S., 27 mamyr 2022. Geometrge kenistiktin bar ekenin daleldeudingazheti zhoq [Geometry does not need to prove that space exists]. Qazaqadebieti. [in Kazakh].

Omiraliev Q., 2014. Qazaq til biliminin maseleleri. Qurast.: f.g.d. G. Anes zhane Zh.Q. Ibraeva [Problems of Kazakh linguistics. Comp. G.Anes, Zh.Ibraeva]. Almaty: Abzal-Aj baspasy. 640 p. [in Kazakh].

Sartqozhauly Q., 2021. Bajyrgy turkilerdin duniyanymy [Worldview of the indigenous Turks]. Almaty: QR BzhGM QazaqUltyqqyzdar pedagogikalyq universiteti. [in Kazakh].

Sayasi tusindirme sozdik. Qurast. avt. E. Sairov zh. t.b. [Political Explanatory Dictionary. Comp. E.Sairov and ext.], 2007. Almaty: Zhujeli zertteuler instituty. 616 p. [in Kazakh].

Tarasova I.A., 2010. Hudozhestvennyj koncept: dialog lingvistiki i literaturovedeniya [Artistic concept: a dialogue of linguistics and literary studies]. Lingvistika. Vestnik Nizhegorodskogo universiteta im. N.I. Lobachevskogo [Linguistics. Bulletin of the Nizhny Novgorod University named after N.I. Lobachevsky]. №4(2). P. 742-745. [in Russian].

Til bilimindegi «koncept» ugymy [The concept of «concept» in linguistics]. Available at: URL:<https://melimde.com/til-bilimindegi-koncept-fimi-orindafan-docent-dosova-a-t.html>. [in Kazakh].

Shaimerdinova N.G., 2009. Reprerentaciya v yazyke drevnetyurkskoj kartiny mira [Representation in the language of the ancient Turkic picture of the world]. Astana: Arman-PV. 252 p. [in Russian].

**G. Gulsevin**

*Turkish State Institute of the Turkish Language, Ankara, Turkey*

*(E-mail: gurer.gulsevin@ege.edu.tr)*

**\*S. Kulbarak**

*Research Center «Dulatytanu», Taraz, Republic of Kazakhstan*

*(E-mail: samen-56@mail.ru)*

*\*Corresponding author: samen-56@mail.ru*

**Common motifs in the «Kultegin», «Bilge Kagan» and «Tonykok» poems:  
the image of the ancient Turkic worldview**

**Abstract.** The written monuments of «Kultegin», «Bilge Kagan», «Tonykok» (VIII-IX centuries) describe the worldview, beliefs and customs of the ancient Turks, the hard time they experienced and the role of individuals in building a strong state. The concept of «Tengri» takes a special place in defining the ancient Turkic worldview in historical and genealogical poems. Blessed Tengri gave them a special energy, fighting spirit in establishing a great Turkic state. Interstate diplomacy, victorious campaigns, special merits of individuals in strengthening the state and their passing away, mourning their loss at the national level, beliefs and customs, habitat, and their attitude to nature are depicted. The article analyzes the microconceptions «Tengri», «state», «kagan», «batyr», «Akylgey dana», «unity of the country», «aruak» and others on the basis of plot connections. The complex nature of time, the strength of the spirit in preserving the unity of the country, the ideology of the struggle against the enemy state and other features are analyzed, the features of the ancient Turkic concept of «peace» are considered. In the poem «Bilge Kagan» and the poem «Kultegin» similarities of author's signature, views, campaigns and common inhabitation can be observed. One of the main features manifested in the poem «Bilge Kagan» is respect for the ties between ancestors, brothers and sisters. In the ancient Turkic tradition-the rite of veneration and veneration of the aruak. The poem «Tonykok» describes the historical stages of the formation of the Turkic khaganate as a state. In the poem, Tonykok is described not only as an adviser, but also as a hero and commander of an army who made an invaluable contribution to the formation of the Turkic Khaganate as a strong state. The poem has an autobiographical, historical and genealogical character.

**Keywords:** old Turkic worldview, personalities, historical facts, plot, monologue, dialogue.

**Г. Гүлсевин**

*Турецкий государственный институт турецкого языка, Анкара, Турция*

*(E-mail: gurer.gulsevin@ege.edu.tr)*

**\*С. Кульбарак**

*Научно-исследовательский центр «Дулатитану», Тараз, Республика Казахстан*

*(E-mail: samen-56@mail.ru)*

*\*Автор для корреспонденции: samen-56@mail.ru*

**Общие мотивы в эпических поэмах «Кюль-тегин», «Бильге-каган» и «Тоньюкок»:  
специфика древнетюркского мировоззрения**

**Аннотация.** В памятниках «Кюль-тегин», «Бильге-каган», «Тоньюкок» (VIII-IX вв.) описывается представление о мире, верованиях и обычаях древних тюрков, пережитые ими сложные периоды

и место отдельных личностей в построении сильного государства. Концепт «Тенгри» занимает особое место в определении древнетюркского мировоззрения в историко-генеалогических эпических произведениях. Благословенный Тенгри дал древним тюркам особую энергию, силу, боевой дух в процессе создания великого тюркского государства. Межгосударственная дипломатия, победоносные походы в целях укрепления государства, особые заслуги отдельных лиц в укреплении государства и их уход из жизни, траурные события всенародного уровня, верования и обычаи, среда обитания – все это изображено с позиции отношения к природе. В статье на основе сюжетных связей анализируются микроконцепты «Тенгри», «Государство», «Каган», «Батыр», «Единство страны», «Аруақ», в единстве которых складывается древнетюркская картина мира. Особенности древнетюркского концепта «Мир» рассматриваются в рамках сложного характера времени, проявления силы духа тюрков, в вопросах сохранения единства страны, идеологии борьбы против вражеского государства. В текстах Бильге-кагана и Кюльтегина прослеживаются сходство и общие авторские черты, общность рассуждений, общность участия в походах. Одной из главных особенностей памятника Бильге-каган – это проявление особого уважения и почитания связей между предками, родственниками и поколениями. В памятнике Тоньюкук излагаются исторические этапы становления тюркского каганата как государства. Тоньюкук в поэме изображается не только как человек, который прожил долгую жизнь, был советником, но и как герой, возглавлявший походы, внесший неоценимый вклад в становление древнетюркского каганата.

**Ключевые слова:** древнетюркское познание, личностные образы, историческая реальность, сюжет, монолог, диалог.

#### **Авторлар туралы мәлімет:**

Гүрер Гүлсевин, ғылым докторы, профессор, президент, Түркия мемлекеттік Түрік тілі институты, Ататюрк бульвары, №217 Каваклыдере, Анкара, Түркия.

Самен Құлбарақ, филология ғылымдарының докторы, профессор, директор, «Дулатитану» ғылыми-зерттеу орталығы, Сүлейманов көшесі, 7, Тараз, Қазақстан Республикасы.

#### **Information about authors:**

Gurer Gulsevin, Doctor of Sciences, Professor, President, Turkish State Institute of the Turkish Language, Ataturk boulv., №217 Kavaklıdere, Ankara, Turkey.

Samen Kulbarak, Doctor of Philology, Professor, Director, Research center «Dulatytanu», Suleymanov str., 7, Taraz, Republic of Kazakhstan.

#### **Сведения об авторах:**

Гүрер Гүлсевин, доктор наук, профессор, президент, Турецкий государственный институт турецкого языка, Бульвар Ататюрк, №217 Каваклыдере, Анкара, Турция.

Самен Кульбарақ, доктор филологических наук, профессор, директор, Научно-исследовательский центр «Дулатитану», улица Сулейманова, 7, Тараз, Республика Казахстан.